

**Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 маусымдағы № 116/6 "Железин ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2023 жылғы 12 желтоқсандағы № 78/8 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 13 желтоқсанда № 7442-14 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2024 жылғы 15 мамырдағы № 107/8 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 15.05.2024 № 107/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Железин аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының "Железин ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2017 жылғы 20 маусымдағы № 116/6 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5552 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Павлодар облысы Железин ауданы мәслихатының шешімінің кіріспесі облыстар 2017 жылғы 20 маусымдағы № 116/6 жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы" № 2314 қаулысына, сәйкес"

2) "Железин ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі" қосымшасында:

5-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"5. Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің жоғарылауына өтемақы төлеу Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 295/НҚ"Әлеуметтік

қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу қағидаларын айқындау және бекіту туралы"бекітілген бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады";

6 тармақ толықтырылсын:

"Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі, Тұрғын үй көмегін көрсетуден бас тарту Үлгілік қағидалардың 2-тарауына сәйкес айқындалған".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Железин аудандық мәслихатының төрағасы*

*Т. Даулетов*